

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ ЖОҒАРЫ БІЛІМ МИНИСТРЛІГІ
«Л.Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ» КеАҚ



ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ ЖОҒАРЫ БІЛІМ МИНИСТРЛІГІ



30
EURASIAN NATIONAL
UNIVERSITY



БГПУ
им. М. Акмуллы



РУДН

«ПЕДАГОГИКАЛЫҚ КАДРЛАРДЫ ДАЯРЛАУДАҒЫ ЗАМАНАУИ
ТӘСІЛДЕМЕ: ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ ПРАКТИКА»

ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ҒЫЛЫМИ-ПРАКТИКАЛЫҚ ФОРУМ

МЕЖДУНАРОДНЫЙ НАУЧНО-ПРАКТИЧЕСКИЙ ФОРУМ

«СОВРЕМЕННЫЕ ПОДХОДЫ В ПОДГОТОВКЕ ПЕДАГОГИЧЕСКИХ
КАДРОВ: НАУКА И ПРАКТИКА»

INTERNATIONAL SCIENTIFIC AND PRACTICAL FORUM
«MODERN APPROACHES TO TEACHER TRAINING: SCIENCE AND
PRACTICE»

МАТЕРИАЛДАРЫ

Астана

26 ақпан 2026 жыл



**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ ЖОҒАРЫ БІЛІМ МИНИСТРЛІГІ
«Л.Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ» КеАҚ**

**«ПЕДАГОГИКАЛЫҚ КАДРЛАРДЫ ДАЯРЛАУДАҒЫ ЗАМАНАУИ ТӘСІЛДЕМЕ:
ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ ПРАКТИКА»
ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ҒЫЛЫМИ-ПРАКТИКАЛЫҚ ФОРУМ
МАТЕРИАЛДАР ЖИНАҒЫ
26 ақпан, 2026 жыл**

**СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ МЕЖДУНАРОДНОГО
НАУЧНО-ПРАКТИЧЕСКОГО ФОРУМА
«СОВРЕМЕННЫЕ ПОДХОДЫ В ПОДГОТОВКЕ ПЕДАГОГИЧЕСКИХ КАДРОВ:
НАУКА И ПРАКТИКА»
26 февраля, 2026 года**

**PROCEEDINGS OF THE INTERNATIONAL SCIENTIFIC-PRACTICAL FORUM
INTERNATIONAL SCIENTIFIC AND PRACTICAL FORUM
«MODERN APPROACHES TO TEACHER TRAINING: SCIENCE AND PRACTICE»
february 26, 2026**

Астана, 26 ақпан 2026 ж.

УДК 37.0
ББК 74.00
П23

Жалпы редакциясын басқарған: Сомжүрек Б.Ж.

Редакция алқасы: Асылбекова М.П., Атемова К.Т., Байсарина С.С., Сламбекова Т.С.,
Махадиева А.К.

П23 Педагогикалық кадрларды даярлаудағы заманауи тәсілдеме: ғылым және практика: халықаралық ғылыми-тәжірибелік форум материалдары. 26 ақпан 2026 ж./ – Астана: Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ баспасы, 2026. – 1668 бет.

ISBN 978-601-385-193-8

Халықаралық ғылыми-практикалық форум материалдарының жинағында педагог кадрларды даярлаудың заманауи ғылыми-әдіснамалық негіздерін талдау, педагогикалық білім беру саласындағы инновациялық тәсілдер мен тиімді практикаларды айқындау, халықаралық ғылыми тәжірибе алмасуды дамытуға арналған өзекті ғылыми-тәжірибелік зерттеулердің нәтижелері енгізілген. Материалдарда педагогикалық білім мен ғылымның жаһандық трендтері, педагогикалық білім берудегі жасанды интеллект және цифрлық технологиялар, педагог кадрларды инклюзивті білім беруге дайындаудың халықаралық тәжірибесі және инновациялық әдістері туралы мәселелері қарастырылған. Жинақ білім саласындағы мамандарға, ғалымдарға, оқытушылар мен білім алушыларға арналған.

В сборник материалов международного научно-практического форума включены результаты актуальных научно-практических исследований, направленных на анализ современных научно-методологических основ подготовки педагогических кадров, выявление инновационных подходов и эффективных практик в сфере педагогического образования, а также развитие международного научного обмена опытом. В материалах рассматриваются вопросы глобальных тенденций в педагогическом образовании и науке, использования искусственного интеллекта и цифровых технологий в педагогическом образовании, международного опыта и инновационных методов подготовки педагогических кадров к инклюзивному образованию. Сборник предназначен для специалистов в области образования, ученых, преподавателей и обучающихся.

The proceedings of the International Scientific and Practical Forum include the results of relevant scientific and practical research aimed at analyzing the modern scientific and methodological foundations of teacher training, identifying innovative approaches and effective practices in the field of teacher education, as well as promoting international scientific exchange of experience. The materials address issues related to global trends in pedagogical education and science, the use of artificial intelligence and digital technologies in teacher education, as well as international experience and innovative methods of preparing teaching staff for inclusive education. The collection is intended for education professionals, researchers, teachers, and students.

УДК 37.0
ББК 74.00

ISBN 978-601-385-193-8

© Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, 2026

Бұл жинаққа енгізілген материалдарға авторлар жауапты.
Authors are responsible for the content of their materials.

219	Zhakupbekova D.S., Utepov A.B. Digital technologies and artificial intelligence in the professional development of physical education teachers	914
220	Закерьяева М.Ю. Искусственный интеллект в современном образовании: возможности, риски и перспективы развития	917
221	Амангелді А.С. Педагогикалық білім берудегі жасанды интеллекттің рөлі мен маңызы	919
222	Аманбай А.Т. Болашақ педагогтарды даярлауда жасанды интеллект технологияларын қолдану	923
223	Orazbek A.A., Amanbayeva M. B The use of artificial intelligence tools for developing data interpretation and visualization skills in the training of future biology teachers	926
224	Кабулова Г.К. Автоматизация административной работы в образовании с помощью ИИ	930
225	Нурыева А.С. Цифрлық тәуелділік және жоғары сынып оқушыларының әлеуметтенуі	933
3-секция: Педагог кадрларды инклюзивті білім беруге дайындаудың халықаралық тәжірибесі және инновациялық әдістері 3-секция: Международный опыт и инновационные методики подготовки педагогических кадров к инклюзивному образованию 3-section: International experience and innovative methods of training teachers for inclusive education		
226	Аханов А.Т., Бірліхан Е. Дене шынықтыру және спорт мамандығында білім алатын студенттерді инклюзивті білім беруге дайындау мәселелері	938
227	Михайленко О.И. Современные проблемы реализации инклюзивного образования и пути их решения в условиях высшего образования	943
228	Умаралиева М.А. Международный опыт и инновационные методики подготовки учителей к развитию инклюзивной культуры	945
229	Едигенова А.Ж. Ерекше білім беру қажеттілігі бар баламен ересек адамның қарым-қатынасы	949
230	Арипова М.Р. Внедрение ценностно-ориентированных практик в системе непрерывного профессионального развития учителя информационной технологии в школе	953
231	Батаева С.Д. Инклюзивное образование как основное условие гуманизации учебного процесса начальной школы	957
232	Дюсенбаева Б.А., Халикова Б.Т. Қазіргі педагогтерінің инклюзивті құзыреттілігін айқындайтын негізгі ерекшеліктер	962
233	Жанатова Г.А. Внедрение практик в исследованиях в области специального образования	967
234	Момунова А.Н. Роль дистанционного обучения для подростков с инвалидностью в получении профессионального образования	971

235	Момунова А.Н., Маматова А.А. Психологические особенности и формы конфликтного поведения подростков с инвалидностью	976
236	Муталиева А.Ш., Ахтанова С.К. Педагог кадрларды инклюзивті білім беруге дайындаудың халқаралық тәжірибесі және инновациялық әдістері	980
237	Ногайбаева М.К., Әлімбаева А.Қ. Инклюзивті білім беру жағдайында педагог кадрларды кәсіби қызметке даярлау	985
238	Baisarina S.S., Makhadiyeva A., PrimbekovaZh. Application of ict-technologies in elementary school in inclusive education	991
239	Нұрбекова А.М., Сарсенова Б.Ж. Аутистік спектрі бұзылысы бар балаларға кешенді тілдік дамыту бағдарламаларының ғылыми негіздері.	996
240	Нұрбекова А.М., Жанузаков Н.К. Аутистік спектрлі бұзылысы бар балалардың сөйлеу тілін логопедиялық түзетуде қолданбалы мінез-құлық талдау әдістерін пайдалану	1001
241	Шавалиева З.Ш., Жумажанова К.И. Социально-педагогическая поддержка семьи, воспитывающей ребёнка с РАС	1005
242	Сейдина М.З., Есимова Н. Б. Қазақстан республикасында инклюзивті білім беруді дамытудың стратегиялық негіздері мен жүзеге асыру тетіктері	1011
243	Kabakova M.B., Әбілдина С.Қ. Инклюзивті білім беру жағдайында педагог-психологтардың білім беру құзыреттіліктерін дамытудың жаңа тенденциялары	1015
244	Бекжанова С.Ж. О.С. Никольская бойынша II топтағы аутизмді бар балалармен жұмыс жүргізуде визуалды қолдаудың тиімділігі	1019
245	Турманова Ж.Е. Инклюзия жағдайында қызмет ететін мамандардың психологиялық құзыреттілігі	1024
246	Каракпаева С.К., Матиева Г.Д. СТЖД деңгейіне байланысты сөйлеу тілін дамытудың дифференциалды тәсілдері	1029
247	Жукашева Г.М. Инклюзивті білім беруде педагог-ассистент әрекетінің сенсомоторлық моделі	1033
248	Жолдасбек Г.И. UDL қағидалары негізінде аі құралдарымен есту қабілеті бұзылған оқушыларға арналған оқу материалдарын әзірлеу әдістемесі және оны оқу үдерісінде қолдану	1037
249	Куандыкова А.К. Инклюзивті білім беруде қауіпсіз психологиялық және жайлы орта қалыптастыру қағидалары	1042
250	Танирбергенова С.О. Мектепте ерекше балаларға толерантты қатынасын қалыптастыру жолындағы сынып жетекшісінің ролі	1047
251	Темиргалиева А.Н. Арнайы мектеп-интернатта ерекше білім беруді қажет ететін	

	оқушыларды география пәніне оқытуда жасанды интеллект технологияларын пайдаланудың тиімділігі	1050
252	Айтқұлова Н.Ж., Махаметова З.А. Балалардың ерте психикалық дамуының ерекшеліктері	1054
253	Топатаева М.К. Визуалды қолдау технологиясының инклюзивті білім берудегі маңызы мен мәні	1057
254	Махаметова З.А., Айтқұлова Н.Ж. Инклюзивті білім беру аясында ерекше білім беру қажеттіліктері бар балалардың әлеуметтік бейімделуін психологиялық қолдаудың тиімді жолдары	1062
255	Ұлықбек А.Қ. Инклюзивті білім берудің қажеттіліктері	1065
256	Mukashaeva A., Dyussenbaeva B.A. Barriers to inclusive culture in the educational environment of higher education institutions	1069
257	Алимқұлова Т.С. Инклюзивті білім беру жағдайында болашақ тәрбиешілердің жобалау құзыреттілігін қалыптастыру	1072
258	Дрепина А., Жубақова С. Готовность будущих учителей к социализации детей с расстройствами аутистического спектра в условиях общеобразовательной школы	1076
259	Бақтиярова Д.А., Жусупова Д.Б. Мектепке дейінгі ұйымдағы логопед жұмысы және заманауи технологиялар	1086
260	Даутбаева Т.С., Малғайдарова Г.Т., Ермашева А.О. Инклюзивті білім беру жағдайында әлеуметтік бейімделу мәселелері	1089
261	Ештай М.М. Жалпы сөйлеу дамымауы бар бастауыш сынып оқушыларының орфографиялық дағдыларды меңгеруге қажетті алғышарттары	1094
262	Жанғожина Қ.Б. Ерекше білім беру қажеттілігі бар балалармен жүргізілетін түзету оқу-тәрбие жұмысы	1098
263	Избасар А.Ә. Сөйлеу тілінің дамуындағы фонематикалық қабылдаудың рөлі	1102
264	Керімбекова А.А. Психолого-педагогическая поддержка развития непозиционного лидерства преподавателей колледжа	1106
265	Қайролла Д.Е., Кизат Г.Е., Мадешова А.А. Мектепке дейінгі ұйым тәрбиешісінің инклюзивті құзыреттілігін трансформациялау жолдары	1111
266	Қостай Д.Т. Болашақ әлеуметтік педагогтерді сервис-лернинг технологиясы арқылы волонтерлік іс-әрекетке дайындаудың отандық және халықаралық тәжірибесі	1114
267	Мақсұт Е.Н. Инклюзивті білім беру жүйесінде жасанды интеллектті қолданудың тиімділігі	1119
268	Матиева Г.Д., Каракпаева С.К., Әлшериев Е.Т. Мектеп жасына дейінгі балалардың сөйлеу белсенділігін арттырудағы инновациялық логопедиялық әдістер	1123

269	Нагайцев Т.О. Психолого-педагогические стратегии подготовки педагогических кадров к предупреждению суицидального поведения несовершеннолетних: междисциплинарная модель школьной превенции	1128
270	Оразбаева Д.С. Ағылшын тілі сабағында инклюзивті білім берудің ерекшеліктері	1133
271	Сыдыкова Г.Д., Токсанбаева Г.Б. Танымдық ойындардың аутизм спектрі бұзылысы бар балалардың сөйлеу тілін дамытудағы рөлі	1136
272	Тайғарина А.Э. Психикалық дамуында тежелуі бар бастауыш сынып оқушыларын білім беру ортасына бейімдеудегі әлеуметтік педагогтың рөлі	1139
273	Турсунбаева А.У. Инклюзивті білім беру жағдайында педагог кадрларды кәсіби даярлаудың инновациялық тәсілдері: халықаралық көзқарас	1142
274	Сейткамалова А.К. Тәрбиеленушілер арасындағы агрессияның алдын-алу тәсілдері	1146
275	Толеуханова А.Д. Инклюзивті мәдениет зерттеулеріндегі әдіснамалық тұғырлар	1149
276	Турекулова Н.А. Бастауыш білім беру арқылы нашар еститін оқушылардың экологиялық сауаттылығын арттыру	1153
277	Болат Б.Қ. Жасөспірімдердің салауатты өмір салтын дене тәрбиесі арқылы қалыптастырудың маңызы	1155
278	Бейсенбаева Ж.Н. Жасөспірімдердің кәсіби өзін-өзі анықтауын психологиялық-педагогикалық қолдаудың ерекшеліктері	1159
279	Мендигереева Д.А. Студенттердің өмірлік құндылықтары мен денсаулыққа көзқарасының психологиялық аспектілері	1162
280	Шарапатова Р.Ж. Девиантты мінез-құлықты жасөспірімдер типологиясын талдау	1167
281	Жақыпбекова З.Ж. Мектеп жасындағы жасөспірімдердің өзін-өзі реттеу мәселелері	1171
<p>4-секция: Заманауи педагогтің кәсіби дамуындағы құндылықтық тәсілдеме 4-секция: Ценностный подход к профессиональному развитию современного педагога 4-section: Value-based approach to the professional development of the modern teacher</p>		
282	Абдукаримов Н.А. Педагогические принципы совершенствования уроков физического воспитания для учащихся начальных классов	1176
283	Куттибекова Г.Т. Организация процесса начального образования на основе передовых современных педагогических технологий	1179
284	Абилова Г.О. Заманауи педагогтың кәсіби дамуында педагогикалық вебинарлардың рөлі	1182
285	Ибадуллаева С.Ж., Кожаберженова А.Т. Биология пәні негізінде жоғары сынып оқушыларына экологиялық білімді қалыптастырудың маңыздылығы	1187

Ғұлама Шәкәрім Құдайбердіұлы: «Адамның жақсы болуы — тегінде емес, тәрбиесінде, ақылында, өнерінде», — деп тұжырымдағандай, девиантты мінез-құлықты түзету тек бақылаумен шектелмей, ғылыми негізделген тәрбие мен психологиялық қолдауды қажет етеді. Сондықтан, халықаралық озық тәжірибені игеру — болашақ әлеуметтік педагогтардың кәсіби құзыреттілігін арттырып, жасөспірімдерді әлеуметтік сүйемелдеудің жаңа әдістерін қалыптастыруда шешуші рөл атқарады.

Түйіндей айтқанда, Scopus деректері мен ЮНИСЕФ ұсынған типологиялық көрсеткіштерді ескеру — еліміздегі әлеуметтік педагогика саласының жаһандық ғылыми кеңістікке интеграциялануына және девиантты мінез-құлықты алдын алудың тиімді ұлттық моделін жасақтауға жол ашады.

Пайдаланған әдебиеттер тізімі:

1.Scopus Database. Analysis of search results for "deviant behavior", "support strategies for deviant youth", and "juvenile deviance" (1946-2025). – 2024. [Электрондық ресурс]. – URL: <https://www.scopus.com>

2.ЮНИСЕФ деректері. Жасөспірімдердің жағдайы туралы жаһандық статистикалық есеп. – 2023.

3.Абай Құнанбаев. Қара сөздер. – Алматы: Раритет, 2010. – 160 б.

4.Құдайбердіұлы Ш. Үш анық. – Алматы: Қазақстан, 1991. – 80 б.

ӘОЖ 378.091

МЕКТЕП ЖАСЫНДАҒЫ ЖАСӨСПІРІМДЕРДІҢ ӨЗІН-ӨЗІ РЕТТЕУ МӘСЕЛЕЛЕРІ

Жақыпбекова Зейнеп Жеңісқызы

«Педагогика және психология» білім беру бағдарламасының 1-курс магистранты,

Zeyno03_04@mail.ru

Л.Н.Гумилев ат. УҰУ, Астана, Қазақстан

Ғылыми жетекші - PhD, оқытушы-зерттеуші Аманова А.К

Андапта. Жасөспірімдердегі өзін-өзі реттеу дағдысы қазіргі педагогикалық-психологиялық зерттеулерде маңызды тақырып болып саналады, себебі бұл тұлғаның эмоциялық, мінез-құлықтық, когнитивтік және әлеуметтік дамуына тікелей ықпал етеді. Мақалада жасөспірімдердің өзін-өзі реттеу процесін қалыптастырудағы қиындықтар, даму факторлары және психологиялық-педагогикалық ықпалдардың ерекшеліктері жан-жақты талданады. Зерттеу барысында ғалымдардың еңбектері түрде талданып, өзін-өзі реттеудің құрылымы, даму ерекшеліктері және оған әсер ететін факторлары көрсетілген.

Annotation. The self-regulation skills of adolescents are considered an important topic in contemporary pedagogical and psychological research, as they directly influence an individual's emotional, behavioral, cognitive, and social development. The article comprehensively analyzes the difficulties in the formation of the self-regulation process in adolescents, the factors of its development, and the specific features of psychological and pedagogical influences. In the course of the study, the works of scholars are analyzed, and the structure of self-regulation, its developmental characteristics, and the factors affecting it are identified.

Түйін сөздер: жасөспірім, өзін-өзі реттеу, эмоциялық тұрақтылық, мінез-құлық, педагогикалық қолдау

Keywords: adolescent, self-regulation, emotional stability, behavior, pedagogical support

Қазақстан Республикасының 2020–2025 жылдарға арналған білім мен ғылымды дамыту мемлекеттік бағдарламасында оқушылардың «XXI ғасыр дағдыларын», соның ішінде өзіндік реттеу мен жауапкершілікті дамыту қажеттілігі атап өтілген [1]. Бұл өз кезегінде қазіргі қоғамдағы заманауи талаптар жасөспірімдерге жоғары психологиялық және әлеум

еттік дағдыларды меңгеруді қажет ететіндігін көрсетеді, өйткені ақпараттық технологиялардың қарқынды дамуы, білім беру жүйесіндегі өзгерістер және әлеуметтік медианың әсері олардың өзін-өзі реттеу қабілетін ерекше сынаққа ұшыратады. Заманауи өмірдегі көпжақты ақпарат ағымы мен тез өзгеретін әлеуметтік орта жасөспірімдердің

эмоциялық реактивтілігін арттырып, өз іс-әрекеттерін жоспарлау және бақылау қажеттілігін күшейтеді.

Өзін-өзі реттеу - жасөспірімнің өз әрекетін, эмоциясын, мотивациясын және ойлау үдерістерін саналы түрде бақылап, мақсатқа бағыттай алу қабілетін қамтитын күрделі психологиялық құрылым. Аталған дағдының жеткілікті деңгейде дамуы оқу іс-әрекетінің нәтижелілігін арттырып, әлеуметтік ортада тиімді өзара әрекеттесуге мүмкіндік береді.

Жасөспірімдік шақ тұлғаның психологиялық және нейрофизиологиялық тұрғыдан қайта құрылуымен сипатталады. L. Steinberg зерттеулерінде жасөспірімдердің импульсивтілігі мен эмоциялық тұрақсыздығы мидың префронтальды қыртысының толық жетілмеуімен байланысты екені көрсетілген. Ғалымның пікірінше, «жасөспірімдердің өзін-өзі реттеу деңгейі мидың атқарушы функцияларының жетілуімен бірге дамиды» [2]. A. Duckworth тұлғаның табандылығы мен өзін-өзі бақылауын ұзақ мерзімді жетістікке жетудің негізгі психологиялық алғышарттары ретінде қарастырады. Оның зерттеулерінде өзін-өзі бақылау академиялық табыстың және өмірлік мақсаттарға жетудің сенімді болжаушысы екені дәлелденген[3]. V. Morosanova саналы өзін-өзі реттеу теориясында өзін-өзі реттеуді тұлғаның жеке стилі ретінде сипаттап, оның құрылымына мақсат қою, жоспарлау, модельдеу, нәтижені бағалау және әрекетті түзету процестері кіретінін көрсетеді[4]. Бұл модель жасөспірімдердің өзін-өзі реттеуін зерттеуде теориялық негіз ретінде кеңінен қолданылады.

Сонымен қатар жасөспірімдік кезеңде эмоциялық жүйенің белсенді дамуы мен әлеуметтік ықпалдардың күшеюі өзін-өзі реттеу дағдысының тұрақсыздығына әкелуі мүмкін. Сондықтан бұл кезеңде педагогикалық және психологиялық қолдау ерекше маңызға ие.

Психология ғылымында өзін-өзі реттеу тұлғаның саналы басқару жүйесі ретінде кеңінен зерттелген. R. Baumeister мен K. Vohs өзін-өзі реттеуді адамның импульстарын, эмоцияларын және мінез-құлқын ұзақ мерзімді мақсаттарға сәйкес басқару қабілеті ретінде сипаттайды[5]. Бұл тұжырым өзін-өзі реттеудің ерік, мотивация және когнитивтік бақылаумен тығыз байланысын көрсетеді. B. Zimmerman өзін-өзі реттелетін оқыту теориясында өзін-өзі реттеуді білім алушының өз оқу әрекетін жоспарлау, бақылау және рефлексиялау арқылы басқару үдерісі ретінде анықтайды. Ғалымның тұжырымдауынша, өзін-өзі реттеу оқу мотивациясының артуына, академиялық жетістіктің жоғарылауына және оқу дербестігінің қалыптасуына ықпал етеді [6].

D. Schunk зерттеулерінде өзін-өзі реттеу мотивациялық және когнитивтік компоненттердің өзара әрекеттестігі нәтижесінде жүзеге асатын динамикалық процесс ретінде қарастырылады [6]. Ал E. Panadero өзін-өзі реттелетін оқытудың теориялық модельдерін талдай отырып, оның құрылымына метатаным, өзін-өзі бақылау, рефлексия және өзін-өзі бағалау сияқты компоненттердің кіретінін дәлелдейді [7]. C. Dignath пен G. Büttner еңбектерінде өзін-өзі реттеу дағдыларын мақсатты түрде қалыптастыру білім алушылардың оқу тиімділігін арттыратын маңызды педагогикалық шарт екені ғылыми тұрғыда негізделген[8].

J. Gross эмоцияларды реттеу теориясында эмоцияларды саналы басқару психологиялық тұрақтылықтың негізгі механизмі екенін негіздейді. Жасөспірімдік кезеңдегі эмоциялық тұрақсыздық өзін-өзі реттеу деңгейіне тікелей әсер етеді[9]. M. Brackett әлеуметтік-эмоциялық оқыту саласындағы зерттеулерінде эмоциялық интеллекттің дамуы тұлғаның әлеуметтік бейімделуін, академиялық жетістігін және психологиялық әл-ауқатын арттыратынын көрсетеді[10]. Эмоцияларды түсіну, тану және басқару қабілеттері өзін-өзі реттеу жүйесінің маңызды құрамдас бөлігі болып табылады. B. Zimmerman мен D. Schunk еңбектерінде мақсат қою, өзіндік бақылау және өзіндік бағалау оқу мотивациясын арттырып, білім алушының танымдық белсенділігін күшейтетіні ғылыми тұрғыда дәлелденген[6].

А. Hadwin, S. Järvelä және М. Miller ұсынған бірлескен реттеу теориясында оқыту үдерісіндегі әлеуметтік өзара әрекет, мұғалімнің қолдауы және кері байланыс өзін-өзі реттеу дағдыларының қалыптасуына ықпал ететіні көрсетілген[11]. Ғылыми зерттеулерге сүйеніп біз білім беру ортасының құрылымы, оқыту әдістері, цифрлық білім беру ресурстары және педагогикалық қолдау деңгейі жасөспірімдердің өзін-өзі реттеу қабілетіне тікелей әсер ететіні анықтадық.

Қалыптастырушы бағалау, рефлексиялық тапсырмалар және дербес оқу стратегиялары өзін-өзі реттелетін оқытуды дамытуда тиімді құралдар ретінде қарастырылады. Ғылыми еңбектерде жасөспірімдердің өзін-өзі реттеу дағдысының қалыптасуына кедергі келтіретін бірқатар факторлар сипатталған. В. Zimmerman және D. Schunk мотивацияның төмендігі, мақсат қою дағдыларының әлсіздігі және сыртқы бақылауға тәуелділік өзін-өзі реттеудің дамуын тежейтін негізгі себептер екенін атап көрсетеді[6]. L. Steinberg цифрлық орта мен әлеуметтік желілердің шамадан тыс ықпалы зейіннің шашырауына және өзін-өзі бақылаудың төмендеуіне алып келуі мүмкін екенін ғылыми тұрғыда негіздейді[2]. А. Duckworth зерттеулерінде еріктік сапалардың жеткіліксіз дамуы ұзақ мерзімді мақсаттарға бағытталған әрекетті жоспарлау мен жүзеге асыруды қиындататыны көрсетілген[3]. Сонымен қатар эмоционалдық тұрақсыздық, стресс деңгейінің жоғары болуы және оқу жүктемесінің артуы да өзін-өзі реттеу үдерісіне кері әсер етуі мүмкін екендігін көрсетті.

Жасөспірімдердің өзін-өзі реттеу дағдысының қалыптасуына әсер ететін факторлар



1-сурет. Жасөспірімдердің өзін-өзі реттеу дағдысының қалыптасуына әсер ететін факторлар

Теориялық еңбектерді жүйелі талдау жасөспірімдердің өзін-өзі реттеу дағдысының қалыптасуында бірқатар күрделі әрі өзара байланысты мәселелердің бар екендігін айқындауға мүмкіндік берді.



2-сурет. Жасөспірімнің өзін-өзі реттеуіне әсер ететін ішкі және сыртқы факторлардың құрылымдық моделі

Өзін-өзі реттеу - тұлғаның мақсат қою, іс-әрекетті жоспарлау, оны жүзеге асыру, нәтижені бағалау және түзету сияқты когнитивтік, эмоциялық және мінез-құлықтық компоненттерді қамтитын көпқырлы психологиялық құрылым. Сондықтан аталған үдерістің тиімді қалыптасуы ішкі және сыртқы факторлардың үйлесімді ықпалына тәуелді.

Біріншіден, мотивацияның тұрақсыздығы мен мақсат қою дағдыларының жеткіліксіз дамуы өзін-өзі реттеу үдерісінің негізін әлсіретеді. Ішкі оқу мотивациясының әлсіздігі, ұзақ мерзімді мақсаттарды нақтылай алмау және нәтижеге бағытталған жоспар құру дағдыларының дамымауы жасөспірімдердің оқу әрекетінде табандылық танытуына кедергі келтіреді. Нәтижесінде әрекет фрагментарлы сипат алып, жүйелілік пен рефлексия элементтері жеткіліксіз көрініс табады.

Екіншіден, эмоциялық тұрақсыздық пен стресс деңгейінің жоғары болуы мінез-құлықты саналы басқару қабілетінің төмендеуіне әкеледі. Жасөспірімдік кезеңге тән психофизиологиялық өзгерістер, әлеуметтік қысым және академиялық талаптардың артуы эмоциялық шиеленісті күшейтеді. Бұл жағдай когнитивтік бақылау механизмдерінің әлсіреуіне, импульсивті әрекеттердің артуына және шешім қабылдаудағы рационалдықтың төмендеуіне ықпал етеді.

Үшіншіден, цифрлық орта мен әлеуметтік желілердің шамадан тыс ықпалы зейіннің шашырауына және өзін-өзі бақылаудың әлсіреуіне әсер етеді. Үздіксіз ақпарат ағыны, жылдам контент форматы және сыртқы стимулдардың көптігі тұрақты зейін мен еріктік күш-жігерді талап ететін әрекеттерді орындауды қиындатады. Соның салдарынан терең өңдеуге негізделген оқу стратегиялары әлсіреп, үстірт қабылдау басым болады.

Төртіншіден, сыртқы бақылауға тәуелділік пен дербес оқу дағдыларының жеткіліксіз қалыптасуы өзін-өзі реттелетін оқытудың дамуын тежейді. Егер оқу үдерісі көбіне мұғалім тарапынан қатаң реттеліп, оқушының дербес жоспарлауына, таңдауға және жауапкершілік алуына жеткілікті мүмкіндік берілмесе, ішкі реттеу механизмдері толық қалыптаспайды. Бұл оқушының автономдылығын шектеп, сыртқы ынталандыруға тәуелділікті күшейтеді.

Бесіншіден, педагогикалық қолдаудың жеткіліксіздігі және оқу жүктемесінің артуы да өзін-өзі реттеу үдерісіне кері ықпал етуі мүмкін. Қолдаудың болмауы немесе формальды сипатта болуы оқушының рефлексивтік қабілеттерін дамытуға мүмкіндік бермейді, ал шамадан тыс академиялық талаптар эмоционалдық қажуға және мотивациялық құлдырауға алып келеді.

Осылайша, жасөспірімдердің өзін-өзі реттеу дағдыларының қалыптасуы кешенді психологиялық-педагогикалық ықпалды талап ететін көпдеңгейлі үдеріс болып табылады. Аталған мәселелерді ескере отырып, мотивациялық қолдау, эмоциялық интеллектіні дамыту, цифрлық гигиенаны қалыптастыру, дербес оқу стратегияларын меңгерту және жүйелі педагогикалық сүйемелдеу бағытында мақсатты жұмыс жүргізу ғылыми және практикалық тұрғыдан өзекті болып табылады.

Жүргізілген теориялық талдау мектеп жасындағы жасөспірімдердің өзін-өзі реттеу дағдысы тұлғаның когнитивтік, эмоциялық және әлеуметтік дамуын қамтамасыз ететін көпқұрылымды психологиялық жүйе екенін көрсетті. Өзін-өзі реттеу нейропсихологиялық жетілу, метатанымдық дағдылар, эмоцияларды басқару қабілеті және білім беру ортасының ерекшеліктерімен өзара байланыста қалыптасады.

R. Baumeister, B. Zimmerman, D. Schunk, A. Duckworth, V. Morosanova, J. Gross, E. Panadero, C. Dignath, A. Hadwin, S. Järvelä және L. Steinberg еңбектерін жүйелеу өзін-өзі реттеу үдерісінің динамикалық және көпдеңгейлі сипатқа ие екенін дәлелдейді. Теориялық қорытындылар мотивацияның төмендігі, эмоциялық тұрақсыздық, цифрлық орта ықпалы,

мақсат қою дағдыларының әлсіздігі және сыртқы бақылауға тәуелділік негізгі мәселелер екенін айқындады.

Зерттеу нәтижелері білім беру үдерісінде өзін-өзі реттеу дағдысын мақсатты түрде дамыту қажеттігін негіздейді. Мұндай бағыт жасөспірімдердің оқу жетістігін арттыруға, эмоциялық тұрақтылығын нығайтуға және тұлғалық дербестігін қалыптастыруға мүмкіндік береді.

Пайдаланылған әдебиеттер

1. Білім мен ғылымды дамыту мемлекеттік бағдарламасы (2020–2025). Астана: ҚР Үкіметі, 2019.
2. L. Steinberg (2020). Adolescence and Self-Regulation Development. *Annual Review of Developmental Psychology*.
3. A. Duckworth (2021). Self-Control and Grit: Related but Separable Determinants of Success. *Psychological Science*.
4. V.I Morosanova (2020). Conscious Self-Regulation and Academic Achievement. *Psychology in Russia: State of the Art*.
5. R.F Baumeister , K.D Vohs . Self-Regulation, Ego Depletion, and Motivation. — New York: Guilford Press, 2016. — 320 p.
6. B.J Zimmerman , D.H. Schunk (2022). *Handbook of Self-Regulation of Learning and Performance* (2nd ed.). Routledge.
7. E. Panadero (2020). A Review of Self-Regulated Learning: Six Models and Four Directions for Research. *Educational Psychology Review*.
8. C. Dignath , G.Büttner (2020). Components of Fostering Self-Regulated Learning Among Students. *Metacognition and Learning*.
9. J.J. Gross (2022). Emotion Regulation: Current Status and Future Prospects. *Psychological Inquiry*.
10. M. Brackett (2021). *Emotional Intelligence and Education*. Yale Center for Emotional Intelligence Reports.
11. A. Hadwin , S. Järvelä , M. Miller (2022). Self-Regulated, Co-Regulated, and Socially Shared Regulation of Learning. *Educational Psychologist*.